

**Зеренді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № А-5/326 "Зеренді ауданының бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/5 қаулысы . Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қаңтарда № 7627 болып тіркелді

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеренді ауданы әкімдігінің "Зеренді ауданының бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" 2016 жылғы 1 шілдедегі № А-5/326 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5475 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 тамызда "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

""Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Зеренді ауданының әкімі*

*Б.Ғайса*